

А. Оразбайқызы^{1*} , Т. Жолдасұлы² 

¹Сельчук университеті, Конья, Түркия;

²Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
(E-mail: aigerim.orazbaikyzy@gmail.com; zholdassuly2018@gmail.com)

Ұлы Отан соғысы мен соғыстан кейінгі алғашқы жылдардағы діни ахуал: Қазақстандағы Орыс православие шіркеуінің тарихы мысалында

Мақалада Қазақстандағы Орыс православие шіркеуінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жағдайы, саяси өмірдегі рөлі мен тарихи маңызы, сондай-ақ соғыстан кейінгі алғашқы жылдардағы шіркеулер қызметінің шектелуі мен дінге қарсы саясаттың қайта күшеюі талданған. Орыс православие шіркеуі істері жөніндегі кеңес пен Қазақ КСР аумағындағы өкілеттілердің баяндамалары негізінде мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынас, туындаған мәселелер және олардың шешу жолдары қарастырылған. Зерттеудің мақсаты — Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Орыс православие шіркеуінің тарихын, соғыс барысындағы атқарған қызметін, И.В. Сталиннің сыртқы саясатында шіркеудің атқарған рөлін және оның жеңіске қосқан үлесін анықтау. Зерттеу міндеттеріне соғыс жылдарындағы Орыс православие шіркеуіне қатысты мемлекеттік саясаттың ерекшеліктерін талдау, шіркеудің патриоттық қызметі мен қоғамдағы орнын айқындау, сондай-ақ соғыстан кейінгі кезеңде шіркеу қызметін шектеу үрдістерін көрсету кіреді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шіркеудің патриоттық қызметі мен жеңіске қосқан үлесі, сондай-ақ Қызыл Армияға көмек ретінде киім-кешек, қаржы және азық-түлік жинау ісі туралы мәліметтер архив құжаттарына негізделген. Зерттеу нәтижесінде соғыс жылдары мемлекет пен православие шіркеуі арасындағы қатынастарда уақытша ымыра орнап, дінге қатысты саясат белгілі бір дәрежеде жұмсарғаны анықталды. Архиепископтармен өткізілген кездесу нәтижесінде Орыс православие шіркеуі істері жөніндегі кеңес құрылды. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда шіркеулердің ашылуы мен қызметі баяулап, мемлекеттік бақылау күшейді. Соғыс жылдарындағы ауыр кезеңді еңсеру мақсатында дінді өз мүдделеріне пайдаланған большевиктік кеңес билігі, соғыс аяқталғаннан кейін Қазақстанның көптеген аймақтарында шіркеулердің қайта ашылуына және қызметін жалғастыруларына рұқсат бермеді.

Кілт сөздер: Қазақстан, атеизм, діни саясат, Ұлы Отан соғысы, орыс православие шіркеуі, дінбасылар, діни патриотизм.

Kipicne

Большевиктер билікке келген сәттен бастап атеистік мемлекет құру бағытын ұстанды. Бұл саясат 1930 жылдары одан әрі күшейіп, шіркеу іс жүзінде діни ұйым мәртебесінен айырылды. Шіркеуге қайырымдылықпен айналысуға, сенушілерге ғибадат етуге және діни рәсімдер өткізуге тыйым салынды. Дін қызметкерлеріне тек науқастар мен қайтыс болғандарға арнайы рұқсатпен баруға ғана мүмкіндік берілді. Осындай қатаң атеистік саясат соғыс шарттарына қарай мемлекет пен шіркеу арасындағы қатынастардың уақытша өзгеруіне алғышарт болды.

Ұлы Отан соғысының басталуымен бірге шіркеу қызметі жанданды. Сталин сыртқы саясаттағы жағдайға байланысты шіркеуге белгілі бір жеңілдіктер жасауға мәжбүр болды. Дінге қатысты саясат жұмсарып, православие шіркеуі сыртқы саясатта атқарушы рөлдердің біріне айналды. Соғыс жылдары Қазақстанның бірқатар облыстарында жаңа шіркеулер ашылып, діни өмір қайта қалыптаса бастады. Шіркеу өзіне заңды тұлға мәртебесін қайтарып, соғыстың алғашқы күндерінен бастап қорғаныс қорларына қаржы жинау және патриоттық қозғалыстарды қолдау ісіне араласа бастады. Мақалада сол соғыс жылдарындағы орыс православие шіркеуінің (әрі қарай — ОПШ) патриоттық әрекеттеріне, сыртқы саясаттағы маңызына және соғыстан кейінгі жылдардағы жағдайына тоқталатын боламыз. Сонымен қатар бұл жылдардағы Қазақстан бойынша облыстардағы шіркеулердің жағдайы архив деректері арқылы ашып көрсетілетін болады.

Материалдар және әдістер

Зерттеуде Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (әрі қарай — ҚР ОМА) 1709-қоры (Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Орыс православие шіркеуі істері жөніндегі

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: aigerim.orazbaikyzy@gmail.com

өкілеттісі, 1-т.: 1943-1961 жылдар және 1-т.: 1943–1965 жылдар) негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. Сондай-ақ қосымша дереккөз ретінде «Астана қаласының Мемлекеттік мұрағаты» (әрі қарай — АҚММ) Мемлекеттік мекемесінің 32-қоры (1929–1931 жылдардағы Ақмола қаласының мешіт және шіркеулерін мәдени-ағарту мекемелері ретінде пайдалануға беру, мемлекеттік аппаратты тазарту бойынша материалдары (комиссия отырыстарының хаттамалары, актілер, ұсыныстар және т.б.) және 1941-1945 жылдардағы Кеңес өкіметінің Орыс православие шіркеуіне қатысты саясатын көрсететін Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві мен Ресей Федерациясының Президенттік архивінің құжаттар жинағы қолданылды [1].

Деректерді пайдалану барысында кеңестік кезең құжаттарының идеологиялық сипаты ескеріліп, олардың шынайылық деңгейін бағалау үшін деректік талдау әдісі қолданылды. Сипаттай баяндау әдісі — Ұлы Отан соғысы мен соғыстан кейінгі алғашқы жылдардағы Орыс православие шіркеуінің қызметі мен қоғамдағы орнын көрсетуде пайдаланылды. Салыстырмалы талдау әдісі — зерттеліп отырған кезеңдердегі мемлекет пен шіркеу арасындағы қатынастардың өзгерісін, шіркеуге қатысты саясаттағы айырмашылықтарды айқындау үшін қолданылды. Методологиялық негіз ретінде тарихилық және объективтілік принциптері басшылыққа алынды.

Нәтижелері

1917 жылғы Қазан революциясының нәтижесінде билікке келген коммунистік партия (большевиктердің) көп ұзамай халықтың және Ресей империясының қоғамдық-саяси өміріне қатысты революциялық көзқарастарын жүзеге асыра бастады. 1918 жылы қатарынан қабылданған «Азаматтық неке туралы» [2; 111–112], «Шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден ажырату туралы» декреттердің нәтижесінде барлық жалпы білім беру орындарында дінді оқыту тоқтатылып, діни ұйымдар заңды мәртебеден, жеке мүліктерге ие болу құқығынан ажыратылды [2; 131–132].

1920–1930 жылдары Қазақстан аумағында көптеген шіркеулер мен мешіттер жабылып, олардың ғимараттары халық үйлері мен музейлер ретінде пайдалануға берілді. Мұндай шаралар кеңестік биліктің дінге қарсы ұстанымын күшейтіп, шіркеуді қоғамдық өмірден толық ығыстыру мақсатын көздеді. Алайда соғыс басталған кезде елдің ішкі және сыртқы саяси жағдайы билікті шіркеуге қатысты көзқарасын қайта қарауға мәжбүр етті [3; 417].

Орыс православие шіркеуіне қатысты И.В. Сталиннің саясатын екі кезеңге бөліп көрсетуге болады: 1920–1930 және 1941–1953 жылдар. Бірінші кезеңде шіркеу қуғынға ұшырап, тіпті жойылуы мақсат етілген болса, екінші кезеңде соғыстың басталуына орай И.В. Сталиннің шіркеуге қатысты саясаты жұмсара бастады, бірақ қудалау толығымен тоқтап қалмады [4; 9–11].

Сталиннің «жұмсарған» саясатының себептерінің бірі Германияның соғыс ашуы болды. КСРО билігіндегілер үшін А. Гитлерге қарсы одақтастары — Ұлыбритания мен АҚШ маңызды орынға шықты. 1941 жылдың күзінде Мәскеуге келген Ф. Рузвельттің уәкілі А. Гарриман, Америка қоғамының Кеңес Одағындағы орыс шіркеуіне деген аландаушылығы мен президенттің православие шіркеуінің құқығы мен саяси жағдайын жақсартуы туралы сәлемдемесін жеткізген еді [5; 284].

Сонымен қатар АҚШ-та президент Ф. Рузвельттің КСРО-ға жақтас ретінде Германияға соғыс ашу жоспары қызу талқыға түскенімен, КСРО секілді дінге еркіндік берілмеген мемлекетке қаржылай және техникалық көмек беру мүмкін еместігі АҚШ қоғамындағы басым пікір еді. Ф. Рузвельт техникалық көмек көрсетуге Сенатты көндіруі үшін, Кеңес Одағындағы АҚШ елшілігіне елдегі әртүрлі діни ұйымдардың жағдайы туралы ақпараттар жинауды тапсырды [6; 267].

Соғыстың басталғаннан кейін орын алған саясаттағы өзгерістердің нәтижесі ретінде 1943 жылдың 4 қыркүйегіндегі атақты архиерейлер мен Сталиннің кездесуін атап көрсетуге болады. Бұл кездесу өтпес бұрын Сталин Г. Карповпен кездесу ұйымдастырып, митрополит Сергей, Алексей және Николай туралы мінездеме және олардың шіркеу алаңындағы беделдері туралы сұрастырған еді. Сталин тарапынан шіркеуді мемлекеттің сыртқы саясатында қолдану туралы ниетін көрсеткен сұрақтар да қойылған. Ол кездесуде Орыс православие шіркеуімен үнемі байланыста болу үшін қандай орган құруға болатыны туралы Карповпен ақылдасқан. Нәтижесінде 1943 жылы қыркүйекте әдеттегі жоспар бойынша мемлекеттік қауіпсіздік полковнигі Г. Карповтың басшылығындағы Орыс православие шіркеуі істері жөніндегі кеңес құрылды [6; 274].

1943 жылғы қыркүйектегі кездесу барысында Мәскеу және бүкіл Русь патриархын сайлау үшін архиерейлер соборын шақыру, православие шіркеулері мен діни ағарту орындарын ашу, ай сайынғы діни журналдар шығару және бұрын сотталған епископтардың тағдырын қарау туралы мәселелері көтерілді. Амнистияға арналған тізімде Алматы және Қазақстанның болашақ епископы — Николай

(Могилевский) ғана тірі қалған, ал қалған епископтар 1937-1938 жылдары азапталып өлтірілген болатын. 1943 жылғы 8 қыркүйекте өткен епископтар соборында митрополит Сергей (Страгородский) патриарх болып сайланып, айдау мен лагерьлерден босап шыққан епископтар мен дін қызметшілері қайтадан қызметке тағайындалды. Приходтарда дін қызметкерлерінің жетіспеушілігіне байланысты патриархия дін қызметшілерін миряндар — яғни христиандық қауымға жатпайтын адамдар арасынан таңдауға рұқсат берді [1; 23-24].

Кездесу нәтижесінде 1943 жылдың 28 қарашасында «Шіркеулерді ашу туралы» КСРО Халық комиссарлар кеңесінің № 1325 қаулысы қабылданды. Бұл қаулы елдегі бірқатар облыстарда жаппай шіркеулердің ашылуын қамтамасыз етуі керек болған. Бірақ шіркеудің күшейіп кетуін қаламаған Кеңес үкіметі облыстардың өкілеттілеріне қаулыға қатысты нұсқау хат жолдаған. Нұсқау хатта дінбасылар мен діни жамағатқа бұл қаулының таныстырылмауы тиістігі, сондай-ақ шіркеу ашпауға қатысты шешімдердің себептері көрсетілмеуі тиіс екені жазылған [7; 73].

Шіркеулерді ашудың жаңа тәртібі бойынша осы мәселелерді шешуге епархияның архиерейлерін қатыстыру да көзделген. Епископтар дінге сенушілерден шіркеулерді ашу туралы өтініштерді қабылдап, олардың қайсысын қолдауға болатынын анықтайтын еді. Содан кейін өтініштер өкілеттілерге жеткізілетін. Кеңес барлық мән-жайды анықтап алғаннан кейін өтініштерге қатысты алдын ала шешім қабылдап, Халық комиссарлар кеңесі нақты шешім шығаратын болған [6; 310].

Мұндай қиын рәсімдер орыс православие шіркеуі мен оның ғибадатханаларын қайтарып беруді кешіктіру үшін жасалатын. Осы сарындағы мәселелердің соғыс жылдарында және де соғыстан кейінгі жылдарда да орын алғанын архив құжаттарынан көре аламыз. 1946 жылы Қызылорда облыстық атқару комитетінің жанындағы шіркеу істерінің басқарушысы Ситниковқа, православие христиандарының бір тобы 3 жыл бойы (1943 жылдан бері) храм ашуға қатысты өтініш білдіріп келген. Ғибадатханаға лайықты тегін бір үй-жай берулерін және оған дін қызметшісін тіркеуді сұраған. Алайда, храмның ашылуына қол жеткізе алмаған дінге сенушілер (1000 адам қол қойған) келесі жылы архиепископ Николайдың (Могилевский) атына өтініш жазып, Г. Карповқа тікелей өтініш білдіру үшін қолдау көрсетуін өтінген. 1947 жылы дәл осы мәселемен Карповтың атына да өтініш білдірілген [8; 3, 62, 108].

Ақтөбе облысының Шалқар қаласында 1946 жылдың 1 сәуірінде ғибадат үйін ашуға облыстық атқару комитетінің шешімімен рұқсат берілген, бірақ бір жыл өтсе де үй-жай беру ісі созылып келген [8; 19]. Алматы облысының Іле ауданының Іле ауылында орыс православие шіркеуін ашу туралы бір топ дінге сенушілердің (27 адам қол қойған) өтініші де қабылданбаған. Шіркеу 1932 жылы тартып алынғаннан бастап кино-клуб ретінде пайдаланылған және соған сай жабдықталған. Шіркеу ретінде берілетін басқа үй-жайдың жоқтығына байланысты облыстық атқару комитеті өтінішті кері қайтарып отырған [8; 22].

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 1944–1945 жылдар аралығында дінге сенушілер тарапынан Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысының бірнеше аудандары бойынша шіркеулер ашу туралы 11 өтініш тіркелген. 1946 жылға дейінгі уақытта берілген өтініштерден тек екеуі немесе үшеуі қанағаттандырылып, 1946 жылдан кейін өтініштерге ғимараттардың техникалық және санитарлық талаптарға сай келмеуі себепті рұқсат берілмеген. Бұл жағдай тек Солтүстікте ғана емес, Қазақстанның барлық облыстарында орын алған [7; 77].

Кеңес үкіметінің рұқсатымен ашылған шіркеулердің саны, немістердің басып алған аймақтарында ашқан шіркеулерінің санынан әлдеқайда аз болған. Мәселен, 1947 жылы бүкіл КСРО бойынша 14092 жұмыс істеп тұрған православие шіркеуі тіркелсе, оның 1270-і ғана Орыс православие шіркеуі істері жөніндегі кеңестің рұқсатымен ашылған, ал немістер мен румындар басып алған аумақтарда ашылған шіркеулер саны 7547 еді. Қазақстан бойынша 1945 жылдың I тоқсанында шіркеулер ашу туралы 21 өтініш білдіріліп, оның төртеуі ғана қанағаттандырылған [9; 195].

Ұлы Отан соғысы тоталитарлық биліктің дінге, шіркеуге деген көзқарасын өзгертті. Билік тарапынан шіркеудің пайдасына қарай шынайы шегінулер де жасалды. Себебі, КСРО-ның басым бөлігінің діни сенімі православиелік бағыттағы христиан діні еді. Мысалы, 1944 жылы 1 желтоқсанда қабылданып, 1945 жылы 22 тамызда енгізілген толықтыруларымен «Православие шіркеуі мен монастырьға қатысты сұрақтар туралы» қаулыға сәйкес, шіркеулерге құрылысқа қажетті материалдар алуға, қоныраулар соғуға, шіркеу органдарына (патриархия, епархиялық басқармалар, монастырлар) көлік алуға, діни заттарды өндіру, сату және жалға беруге рұқсат берілді [1; 474–475]. Бұған мысал ретінде 1946 жылы архиепископ Николайдың іссапарлар мен храмдарды аралауға байланысты жеңіл көлік беру туралы өтініші көрсетіледі [10; 3].

Орыс православие шіркеуінің пайдасына жасалған шегінулердің тағы бір көрінісі — дін қызметкерлерін әскер қатарына шақырудан босату болды. КСРО ХКК жанындағы комиссияның 1945 жылдың 26 ақпанындағы шешіміне сәйкес тіркелген (занды) дін қызметкерлері — диакондар, священниктер және епископтар әскери борышын өтеуден босатылды [11; 31]. Сонымен қатар, 1945 жылдың 29 тамызында КСРО ХКК «Монастырлар мен епархиялық басқармаларға қарасты кәсіпорындарға салық салу тәртібі туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулының бірінші тармағында 1943 жылғы «Тұрғындарға салық салу туралы» қаулының 19-бабына сәйкес монастырлардың ауылшаруашылығынан және басқа да кірістеріне салық салу үшін Қаржы халық комиссариатына рұқсат берілсе, 1942 жылғы «Жергілікті салықтар мен қаражат жинау туралы» қаулының 2-тармағына сәйкес монастырлар құрылыс және жер ренталарына жасалатын салықтан босатылды [1; 476].

Қазақ КСР Қаржы министрлігінің 1947 жылдың 10 қаңтарында ОПШ істері жөніндегі кеңеске жолдаған өтінішінде, дін қызметкерлеріне салық салу мақсатында Қазақстан бойынша тіркелген діни қауымның (духовенство) санын көрсетуді сұраған. Сонымен қатар, балауыз бен просфоралардың (православиелік қолданыстағы дөңгелек пішінді ашытылған бидай наны) қандай жолмен жасалатыны және приходтарда қандай шарттарда жүзеге асырылатыны туралы ақпарат беруді өтінген. Атап айтқанда, ауылдық жерлердегі дін қызметкерлеріне просфора жасауға рұқсат беріліп-берілмегені, берілген жағдайда сатылымнан түскен қаржының кімнің пайдасына түсетіні сұралған. Қазақ КСР ОПШ істері жөніндегі кеңестің өкілі С. Вахменин жауабында, 1947 жылғы 1 қаңтардағы ахуал бойынша Қазақстан Республикасындағы шіркеулер мен ғибадатханаларда тіркелген (занды) діни ұйымы саны — 63 екені, ауыл немесе қалада орналасқанына қарамастан просфора пісірумен кез келген шіркеу айналыса алатыны, қазіргі таңда балауыз жасаумен жеке адамдар шұғылданып жүргені, сондай-ақ жақын уақытта Епархиялық кеңес балауыз және басқа да діни ғибадат заттарын дайындайтын шеберхана ашатыны хабарланды [12; 2, 3]. С. Вахмениннің 1947 жылғы наурыздағы басқа баяндамасында архиепископ Николайдан Алматыдағы Никольск шіркеуінің жертөлесінде балауыз жасауға шеберхана ашу туралы өтініш түскені айтылады. Ол КСРО ХКК-нің 1945 жылғы 22 тамыздағы қаулысына сүйеніп, шеберхана ашуды мақұлдап, балауыз заводын тіркеуге алу үшін Қаржы министрлігінен нұсқаулық сұраған.

Дәл осы мәселеге қатысты архиепископ Николай балауыз өндірісінен түсетін табысқа салынатын салықтың көлемін нақтылауды өтінген. Себебі, жергілікті қаржы органдары таза кіріске 85 % салық салынатынын айтқан. Мұндай мөлшерді аса жоғары деп көрсетіп, шеберхана дайын болғанына қарамастан әлі де тіркеуге алынбағанын жазған. С. Вахмениннен осы істі өз бақылауына алуды сұраған [13; 20, 23].

Расымен де, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жылғы 30 сәуірдегі шешімімен діни ұйымдарға 81 % ең жоғарғы салық салынған еді. КСРО Министрлер Кеңесінің 1946 жылғы 3 желтоқсандағы «Діни культтер қызметкерлеріне салық салу тәртібі туралы» арнайы қаулысымен бұл салық азайтылды. Бірақ азаматтардың басқа санаттарымен салыстырғанда дін қызметкерлеріне салынатын салық әлі де жоғары деңгейде қалған [14; 140].

Қазақстанның барлық аймақтарындағы шіркеулердің саяси жағдайы мен олардың соғыс жылдарындағы патриотизмі туралы мәліметтерді архивтердегі 1944-1946 жылдар аралығында Діни кеңес төрағасының ақпараттық есептерінен көруге болады. В. Грязныхтың (В. Грязных КСРО ХКК-нің 1943 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен Қазақ КСР ХКК жанындағы ОПШ істері жөніндегі Кеңестің өкілеттісі болып тағайындалғанын осы ақпараттық есебінде хабарлайды) 1944 жылғы мамырда Карповқа жолдаған ақпараттық есебі бойынша Петропавл мен Орал қалаларында 2 шіркеу тіркелген. Толық емес деректер бойынша Қазақстанда жабылған шіркеулер саны 55-ті құраған. Ақмолада 1943 жылғы қарашада православие шіркеуі ұйымы тіркеліп, 1944 жылғы мамырда Қазақ КСР ХКК шешімімен ғибадат үшін үй-жай берілген. Оралда 1944 жылғы 1 шілдеде қызмет етіп тұрған 1 шіркеу тіркелген. Облыстың 15 ауданы мен Орал қаласында тоқтатылған 35 шіркеудің 29-ы мәдени шаруашылық мақсатта қолданыста болып, 6 шіркеу мүлдем пайдаланылмаған.

Қазақ КСР ХКК жанындағы ОПШ істері жөніндегі Кеңес өкілеттісі С. Вахмениннің 1944 жылғы сәуірдегі есебі бойынша Қазақстанның Алматы, Семей, Петропавл, Орал, Ақмола, Жамбыл, Шымкент және Павлодар қалаларында 6 шіркеу мен 2 ғибадат үйі тіркелген. 1945 жылғы шілдедегі есеп бойынша Семей қаласындағы Орыс православие шіркеуі кеңестің нұсқауымен 1944 жылғы ақпанда тіркеліп, қызмет еткен [15; 8, 9, 19, 68].

1945 жылғы қазан айындағы ақпаратында Ташкент және Орта Азия епархиялық басқармасы ережесіне сай Қазақстанда екі благочиние (приходтар тобынан құрылған епархияның бір бөлігі) округі құрылған: 1-ншісі — Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан, 2-ншісі — Семей, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстары. Бұл округтарға Серебряков пен Мартынов протоиерей (православие шіркеуі иерархиясындағы бас священник) болып тағайындалған [15; 37].

Қызмет етіп тұрған шіркеулер мен приходтардың санының артуына байланысты Орыс православие шіркеуі істері жөніндегі кеңес Қазақстанда жеке епархия ашу туралы мәселесін Патриархияға ұсынды. 1945 жылы Алматы және Қазақстан епархиясы құрылды [16; 72]. Қасиетті Синодтың 1945 жылғы шешімімен бірінші архиерей болып Николай (Могилевский) тағайындалды. Мәскеу Патриархиясы істері басқармасының протопресвитері (православие шіркеулеріндегі ақ діни қауымның жоғарғы лауазымы) Н. Колчицкий архиепископ Николайға Ташкент, Новосибирск және Свердловск епископтарына хат жолдап, епархия шекарасын бекітуді тапсырған [17; 7].

1947 жылы Семей қаласының діндарларының өтінішімен Семейде жеке архиерейлік кафедра ашылды. Мәскеу Патриархиясының протопресвитері Колчицкий Семейдің Алматы епархиясынан алыс екенін ескеріп, Семей облысын Павлодармен бірге бөлек епархия ретінде ашуға шешім шығарды. Кафедра басшылығына архиепископ Палладий тағайындалып, оған «Семейлік және Павлодарлық архиепископ» мәртебесі берілді [18; 19].

Орыс православие шіркеуіне бағытталған И. Сталин саясатының өзгеруінің басты себебі — православие шіркеуі қауымының соғыс кезіндегі қаржылай және рухани қолдауы еді. Ұлы Отан соғысы басталғанда КСРО халқының басым бөлігі дінге сенетін. 1937 жылғы санақ бойынша 16 жастан асқан 30 млн сауатсыз азаматтың 84 %, ал 68,5 млн сауатты азаматтардың 45 % дінге сенетіндерін мойындаған [19].

Ұлы Отан соғысы — КСРО-ның материалдық, физикалық, рухани және діни ресурстарының барлығын соғысқа жұмылдыруға мәжбүрлеген соғыс болды. Дінді жою туралы пікірлер сөйілгендей болғанымен, большевиктер шіркеуге қарсы негізгі ұстанымдарын сақтады. Иерархтар, дін қызметкерлері және миряндар соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ тыл мен майданға қаржылай қолдауларын көрсетуге атсалысты [1; 20].

1943 жылы 5 қаңтарда митрополит Сергей И. Сталинге телеграмма жібергеннен кейін ғана дінге сенушілердің арасында қаржы мен киім-кешек жинау (1929 жылғы «Діни ұйымдар туралы» қаулысы бойынша заңсыз саналатын) іс жүзінде заңдастыра білді. Сталин рұқсатын беріп қана қоймай, шіркеуге көрсеткен қызметі үшін Қызыл Армия атынан ризашылығын жеткізді. Орталық банк шотын ашу құқығын алған шіркеу, іс жүзінде заңдастырылды. 1944 жылдың соңында әрбір епархия қызметі туралы есепті белгілі Синодқа ұсынып отырды. Орыс православие шіркеуі қауымынан жиналған қаржы 200 млн рубльді құрап, соғыс соңына қарай қорғаныс қорына жинаған қаржы 300 млн рубльден асты [20; 11].

1944 жылдың мамырындағы есепте Қазақстан приходтары қорғаныс қорына қаржылай көмек жасап, Қызыл Армия жауынгерлеріне көп мөлшерде жылы киім тапсырған. Пасха күндері шамамен 150 мың рубль, Петропавл қауымы — 40 мың рубль қаржы аударған [15; 2].

Петропавлдың Всесвятская-Кладбищенская шіркеуі 1944 жылы қорғаныс қорына 210 мың рубль, 1945 жылы мемлекеттік банкке қосымша 50 мың рубль, сондай-ақ облигациялармен 50 мың рубль жинаған [15; 19]. Орал қаласындағы приход (ашылған күнінен — 1943 ж. 10 қазаннан) танк пен тікұшақтар құрылысына 235 мың рубль, госпитальдарға 12 мың рубль, қоршаудан зардап шеккендерге 10 мың рубль (барлығы 257 мың рубль) аударған.

Дін қызметкері Н. Сальников жеке қаржысынан қорғаныс қорына 111 мың рубль бөлген. И. Сталин телеграмма арқылы Преображенск шіркеуіне (Орал қаласы) және Н. Сальниковқа алғыс телеграммасын жолдаған. Жалпы Алматы, Ақтөбе, Ақмола, Жамбыл, Батыс Қазақстан және Семей облыстары бойынша қорғаныс қорына қаржылай 411678 рубль, облигациялар және әртүрлі жабдықтармен 5328 рубль және 5000 рубльді азық-түлік тапсырылған [15; 4, 5].

1944 жылғы 3 қарашадағы ақпаратта Солтүстік Қазақстанда қызмет етіп тұрған бір ғана шіркеудің патриоттық көмегі көрсетілген:

1. Дмитрий Донской танк легі құрылысы үшін — 384098 рубль;

2. Қызыл Армияға — 5015 рубль сомасында 108 жылы киім және дін қызметшісінің күміс крест алқасы қабылданған.

Шіркеудің патриоттық мақсаттағы қаржылай көмегі жыл сайын артып отырған: 1941 ж. — 1274 руб., 1942 ж. — 18 824 руб., 1943 ж. — 173 000 руб., 1944 ж. (10 ай) — 200 000 руб. [21; 22].

Дінге сенушілердің қаржысына тек танк легі ғана емес, А. Невский атындағы Авиаиялық эскадрилья құрылысы қаржыландырылған. Қаржылай қолдаулар көмек қорларына, госпитальдарға, балалар үйлеріне бағытталды. Соғыс кезеңінде бірде-бір приход (соның ішіндегі Қазақстандағы) қаржылай көмектен бас тартпаған [22; 94]. Бұл жағдай 1944–1945 жылдары патриоттық мақсатта қаржылай көмек жинаған приходтар туралы деректермен нақтыланады (1-кесте).

1 - кесте

1944–1945 жылдары патриоттық мақсатта қаржылай көмек жинап тапсырған приходтардың тізімі [17; 30]

1	Алматы приходы	(кіші станица)	1945 жылы 150 мың руб.
2	Ақтөбе	Ақтөбе қаласы	50 мың руб.
3	Ақмола	Ақмола қаласы	43 мың руб.
4	1-ші Алматы	1-ші Алматы ст.	2,5 мың руб.
5	Ванновка	Ванновка ст.	4,5 мың руб.
6	Георгиевка	Георгиевка ст.	8,0 мың руб.
7	Жамбыл	Жамбыл қаласы	251 мың руб.
8	Қостанай	Қостанай қаласы	16 мың руб.
9	Петропавл	Петропавл қаласы	242 мың руб.
10	Павлодар	Павлодар қаласы	63 мың руб.
11	Семей	Семей қаласы	100 мың руб.
12	Сарқанд	Сарқанд қаласы	2 мың руб.
13	Турген	Турген қаласы	5 мың руб.
14	Орал	Орал қаласы	787 мың руб.
15	Шымкент	Шымкент қаласы	57 мың руб.
16	Щучинск	Щучинск қаласы	49 мың руб.
			Барлығы 1,830 000 руб.

Православие шіркеуінің патриоттық қолдауы соғыстан кейін де жалғасты. Епархиялық кеңес істерін басқарушы Анатолий Синицын 1947 ж. С. Вахменинге мәлімдеме үшін жолдаған хатында, Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқандардың отбасыларына көмек ретінде 25 мың рубльді қабылдауды сұраған [13; 14].

1943–1948 жылдар аралығында шіркеу Сталиннің сыртқы саясатында маңызды құралға айналды. Мәскеу Патриархиясы бұл кезеңде шетелдегі орыс приходтарын өз қарамағына қайтару және Шығыс Еуропадағы христиан конфессияларына ықпал ету бағыттарында пайдаланылды. 1948 жылдың екінші жартысынан бастап Сталиннің Израиль, Грекия және Түркияға қатысты жоспарлары іске аспағандықтан, Шығыс православие иерархтарына деген саяси сұраныс төмендеді. Осы жағдайлар, сондай-ақ «қырғи-қабақ соғысының» факторы шіркеу мен мемлекет байланысын әлсіретті [4; 20].

Билік шіркеулерді тіркеуге алудан бас тарта бастады. Мысалы, 1947 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Булаев және Марьевка ауылдарында храмдардың мәдени қажеттіліктер үшін пайдаланылуы себепті билік оларды тіркеуден бас тартқан. Бір жыл өткеннен кейін ауыл тұрғындары осы өтінішті қайта білдіргендерімен, тиісті органдар қабыл алмаған. 1948 жылы Иваново-Петровкада үйден шіркеу ашу өтініші «техникалық және санитарлық талаптарға сай келмеу» себебімен қабылданбады. 1948 және 1950 жылдары да ұқсас өтініштер ғимараттың жоқтығына байланысты орындалмаған. 1950 жылдары жаңа приходтарды тіркеу туралы өтініштерін шіркеу басшылығының өзі қабылдамай қойған жағдайлар тіркелген [7; 78].

Шіркеуге жасалған алғашқы шектеулер 1948 жылдың жазы мен 25 тамызына тұспа-тұс келеді. Кеңестің қысымымен Синод ауылдан ауылға жасалатын крест шерулеріне, ғибадатқа жатпайтын діни концерттерге, епископтардың жолдауларына, ауыл шаруашылығы науқандары кезінде архиерейлердің діни мақсаттағы сапарларына, егістікте діни жоралғылар жасауға шектеу енгізді [23; 426]. 1947 жылдан бастап КСРО-да дінге қарсы күштердің бірігуі байқалып, 1948 жылдың соңынан діни өмір мен шіркеуге қатысты саясат тоқырау кезеңіне өтті. Бұл уақытта діннің қоғамдағы рөлі шектеліп, жаңа шіркеулердің ашылуы тоқтады. Соғыс жылдарындағы жұмсару бәсеңдегенімен, мемлекет пен діннің қатынасын түбегейлі өзгертетін радикал қадамдар жасалмады [24; 66]. Бұдан

мемлекеттің кейде шіркеуді саяси мақсатта пайдаланып, қажет болмаған кезеңде қайта қысымға ұшыратқаны байқалады.

Талқылау

Посткеңестік тарихнамада орыс православие шіркеуінің мемлекетпен қарым-қатынасы, оның сыртқы саясаттағы орны мен кеңестік кезеңде орын алған саяси өзгерістер, соның ішінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шіркеу тарихы мәселелері кеңінен қарастырылған. Бұл бағыттағы зерттеулер М. Одинцов [6], М. Шкаровский [5] және Д. Поспеловский [9] еңбектерінде көрініс табады. Сондай-ақ, М. Данилушкиннің [23] жалпы редакциясымен жарық көрген «История Русской православной церкви. От восстановления Патриаршества до наших дней (1917–1970)» еңбегінде және О. Васильева, И. Кудрявцев, Л. Лыкова [1] құрастырған архив құжаттары жинағында шіркеудің соғыс жылдарындағы рөлі мен мемлекетпен қатынасы арнайы қарастырылады.

М. Одинцов өз еңбегінде большевиктер билікке келген уақыттан бастап И.В. Сталин билігінің соңына дейінгі кезеңдердегі Орыс православие шіркеуінің тарихи рөлі мен саяси орнын, шіркеуге қарсы басталған науқандарды, қабылданған қаулылар мен соғыс жылдарындағы шіркеу патриотизмін, сондай-ақ Германия тарапынан басып алынған аумақтардағы шіркеу саясатын талдайды. М. Шкаровскийдің еңбегі Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуынан Н.С. Хрущев билігінің соңына дейінгі кезеңді қамтып, шіркеу мен мемлекет қатынастарындағы ішкі саяси қайшылықтар мен оппозициялық қозғалыстарды сипаттайды. Ол Сталин билігі тұсындағы шіркеудің жағдайы мен оған қатысты саясаттарды зерделеуде мол деректер келтіреді.

Д. Поспеловскийдің XX ғасырдағы Орыс православие шіркеуіне арналған еңбегі өзге авторлардан шіркеу ішіндегі ағымдарға, бөлінушілік пен оның салдарына көбірек көңіл бөлуімен ерекшеленеді. Зерттеуде шіркеу тарихы 1990 жылдарға дейін қамтылып, Қазақстандағы 1945 жылғы шіркеулерді ашуға қатысты өтініштер бойынша деректік мәліметтер келтіріледі.

Сонымен қатар қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде бұл тақырып жеке аймақтық қырынан қарастырылады. Тақырыптың ашылуына және оның объективті тұрғыда зерделенуіне бірнеше мақала өз үлесін қосты. Мәселен, А. Косиченконың [16] мақаласында Қазақстандағы 1920–1990 жылдардағы ОПШ тарихы ҚР ОМА құжаттары негізінде талданады. Дін қызметкері (священник) М. Березиннің [7] 1943–1950 жылдардағы шіркеулердің ашылу тарихына арналған мақалалары да маңызды дереккөз болып табылады. Л. Тимофеева [22] өз зерттеуінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстандағы шіркеу тарихына қысқаша шолу жасаса, З. Сактаганованың [24] мақаласында XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақстандықтардың күнделікті діни өмірі, ислам және православие діндеріне қарсы жүргізілген атеистік саясат сипатталады.

Алайда кеңестік және қазақстандық тарихнамада соғыс және соғыстан кейінгі жылдардағы Орыс православие шіркеуінің нақты қызметі мен аймақтық жағдайы, соның ішінде Қазақстан аумағындағы шіркеу мен мемлекет қатынастарының ерекшеліктері жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Осы тұрғыдан алғанда, біздің зерттеуіміз аталған бағыттағы ғылыми кемшіліктерді толықтыруға бағытталған. Мақалада соғыс және соғыстан кейінгі алғашқы жылдардағы Орыс православие шіркеуінің қызметі архив құжаттары негізінде талданып, шіркеудің қоғамдағы рөлі мен мемлекет саясатындағы орнын нақты мысалдар арқылы көрсетуге басымдық берілді.

Қорытынды

Кенес өкіметі билікке келген уақыттан бастап, олардың дінге қатысты саясаты әр тарихи кезеңде түрлі өзгерістерге ұшырап отырды. Большевиктердің билігі орнағаннан кейін және Ұлы Отан соғысы жылдарына дейін жалғасқан шіркеуге, жалпы дінге қарсы шабуыл діни сенімді түбегейлі жоя алмады. Алайда сол кезеңде шіркеуге қарсы саяси науқан күшейіп, ғибадатханалар мен храмдар жаппай жабылды, тартып алынды немесе мемлекет меншігіне өтті. Дін қызметкерлері қуғынға ұшырап, кейбірі ату жазасына кесілді.

Қазақстан қуғын-сүргін орталықтарының біріне айналып, басқа республикалардан дін қызметкерлері айдауға жіберіліп отырды. 1930 жылдары ату жазасына кесілген дін қызметкерлерінің көптігі соншалық, соғыс жылдарында шіркеулер қайта ашыла бастағанда діни қызметкерлердің жетіспеушілігі айқын байқалды. Сондықтан шіркеу басшылығы қарапайым миряндардың (дінге сенушілердің) қатарынан қызметкерлер тағайындауға мәжбүр болды.

Шіркеуге келушілер мен дінге сенушілердің саны статистика бойынша азайғанымен, соғыс жылдарында КСРО халқының басым бөлігі әлі де дінге сенушілер қатарында болғаны байқалады.

Ұлы Отан соғысының басталуымен шіркеуге деген мемлекеттік көзқарас өзгеріп, И.В. Сталин шіркеуге қатысты бірқатар жеңілдіктер жасауға мәжбүр болды. Бұған әсер еткен негізгі факторлар — сыртқы саяси күштердің КСРО-ға қойған талаптары мен шіркеудің майдан мен тылға көрсеткен материалдық және рухани қолдауы еді.

Шіркеудің қоғамдық өмірдегі жағдайы жақсарып, халықаралық деңгейдегі рөлі артты. Орыс православие шіркеуі соғыс қажеттіліктері үшін жаппай қаржы жинап, госпитальдер мен балалар үйлеріне материалдық көмек көрсетіп отырды. Осылайша шіркеудің патриоттық қолдауы фашистік Германияға қарсы соғыстағы жеңіске айтарлықтай үлес қосты.

Соғыс жылдарында Қазақстан аумағында жаңа шіркеулер ашылып, тіркеле бастады. Шіркеулердің ашылуына қатысты өтініштер, қаржылық есептер, діни қауымдардың қызметке тағайындалуы, салықтар мен патриоттық мақсаттағы қаржылай көмектер Орыс православие шіркеуі істері жөніндегі кеңес арқылы қатаң қадағаланып отырды. Аталған Кеңестің қызметіне біржақты, тек жағымсыз баға беру дұрыс емес, себебі ол шіркеу позициясының нығаюына ықпал етіп, дін қызметкерлеріне жеңілдіктер қарастырған бірқатар құжаттардың қабылдануына себеп болды.

Шіркеу Ұлы Отан соғысы кезінде маңызды рөл атқарғанымен, оның бұл қызметі соғыстан кейінгі кезеңде ұзаққа созылмады. Сталин дәстүрлі саясатына сай шіркеуді сыртқы саясат мақсатында пайдалануға тырысқанымен, бұл жоспар толық жүзеге аспады. Бұдан кейін шіркеуге деген қажеттілік бұрынғыдай болмады. Сонымен қатар «қырғи-қабақ соғыстың» басталуы Кеңес билігінің назарын басқа бағыттарға бұрды. Соғыстан кейінгі жылдары, әсіресе 1940 жылдардың соңына қарай, шіркеулерді ашуға және бұрынғы храмдарды қайтаруға рұқсат етілмей, шектеу саясаты қайта күшейді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Васильева О.Ю. Русская православная церковь в годы Великой Отечественной войны. 1941–1945 гг.: сборник документов / О.Ю. Васильева, И.И. Кудрявцев, Л.А. Лыкова. — Москва: Крутицкого подворья, 2009. — 765 с.
- 2 Милякова Л.Б. Отделение Церкви от государства и школы от Церкви в Советской России. Октябрь 1917–1918 гг.: Сборник документов / Л.Б. Милякова, И.А. Зюзина. — Москва: ПСТГУ, 2016. — 944 с.
- 3 Астана қаласының Мемлекеттік архиві. — 32-қ. — 1-т. — 116-іс. — 417-п.
- 4 Шкаровский М.В. Сталинская религиозная политика и Русская православная Церковь в 1943–1953 годах / М.В. Шкаровский // Acta Slavica Iaponica. — 2009. — № 27. — С. 1–27.
- 5 Шкаровский М.В. Русская православная церковь при Сталине и Хрущеве (Государственно-церковные отношения в СССР в 1939–1964 годах) / М.В. Шкаровский. — Москва: Грааль, 1999. — 399 с.
- 6 Одинцов М.И. Русская православная церковь накануне и в эпоху Сталинского социализма 1917–1953 гг. / М.И. Одинцов. — Москва: Политическая энциклопедия, 2014. — 424 с.
- 7 Березин М. К вопросу об открытии церквей на территории Северо-Казахстанской области в период с 1943 по 1950 год / М. Березин // Богословский сборник. — 2022. — № 15. — С. 73–80.
- 8 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (әрі қарай — ҚР ОМА). — 1709-қ. — 1-т. — 18-іс. — 3, 62, 108-п.
- 9 Поспеловский Д.В. Русская православная церковь в XX веке / Д.В. Поспеловский. — Москва: Республика, 1995. — 511 с.
- 10 ҚР ОМА. — 1709-қ. — 1-т. — 16-іс. — 3-п.
- 11 ҚР ОМА. — 1709-қ. — 1-т. — 38-іс. — 31-п.
- 12 ҚР ОМА. — 1709-қ. — 1-т. — 25-іс. — 2, 3-п.
- 13 ҚР ОМА. — 1709-қ. — 1-т. — 26-іс. — 20, 23-п.
- 14 Мухтарова Г.Д. Ислам в советском Казахстане / Г.Д. Мухтарова. — Ақтобе, 2007. — 280 с.
- 15 ҚР ОМА. — 1709-қ. — 1-т. рсч. — 3-іс. — 8, 9, 19, 68-п.
- 16 Косиченко А.Г. Исторический очерк деятельности РПЦ в Казахстане в годы Советской власти (по материалам Центрального Государственного архива Республики Казахстан) / А.Г. Косиченко // Православие и общество: Грани взаимодействия: материалы III Международной научно-практической конференции в рамках IX Забайкальских Рождественских образовательных чтений. — Чита, 2019. — С. 71–74.
- 17 ҚР ОМА. — 1709-қ. — 1-т. — 5-іс. — 7-п.
- 18 ҚР ОМА. — 1709-қ. — 1-т. — 54-іс. — 19-п.
- 19 Хакимова Р.Р. Русская Православная Церковь в годы Великой Отечественной войны [Электронный ресурс] / Р.Р. Хакимова // Конкурс молодых историков «Наследие предков — молодым». — 2013. — Режим доступа: <https://ist-konkurs.ru/raboty/2013/853-2014-02-13-07-56-21>.

- 20 Harvalíková V. Role the Russian Orthodox Church during the 2nd World War: bakalářská práce / Věra Harvalíková. — Praha, 2009. — 59 p.
- 21 ҚР ОМА. — 1709-қ. — 1-т.рсч. — 1-іс. — 22-п.
- 22 Тимофеева Л.В. Русская православная церковь в Казахстане в годы Великой Отечественной войны / Л.В. Тимофеева // Вестник КазНУ. Серия историческая. — 2004. — № 4 (35). — С. 94–97.
- 23 История Русской православной церкви. От восстановления Патриаршества до наших дней (1917–1970) / Т.К. Никольская, М.В. Шкаровский и др.; под общ.ред. М.Б. Данилушкина. — Санкт-Петербург: Воскресение, 1997. — Том I. — 1020 с.
- 24 Сактаганова З.Г. Советская модель государственной религиозной политики в Казахстане и религиозная повседневность казахстанцев во второй половине XX в. [Электронный ресурс] / З.Г. Сактаганова // Власть и общество. — 2017. — С. 60–76. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovetskaya-model-gosudarstvennoy-religioznoy-politiki-v-kazahstane-i-religioznaya-povsednevnost-kazahstantsev-vo-vtoroy-polovine-hh-v/viewer.pdf>.

А. Оразбайқызы, Т. Жолдасұлы

Религиозная ситуация в годы Великой Отечественной войны и в первые послевоенные годы: на примере истории Русской Православной церкви в Казахстане

В статье анализируется положение Русской православной церкви в Казахстане в годы Великой Отечественной войны, её роль в политической жизни и историческое значение, а также ограничения деятельности церквей и усиление антирелигиозной политики в первые послевоенные годы. На основе отчётов Совета по делам Русской православной церкви и уполномоченных по делам религии при Совете Министров Казахской ССР рассматриваются отношения между государством и церковью, возникавшие проблемы и пути их решения. Цель исследования — определить историю Русской православной церкви в годы Великой Отечественной войны, её деятельность в ходе войны, роль во внешней политике И.В. Сталина и вклад в Победу. К задачам исследования относятся анализ особенностей государственной политики в отношении церкви в военные годы, выявление её патриотической деятельности и места в обществе, а также рассмотрение процессов ограничения церковной деятельности в послевоенный период. Сведения о патриотической деятельности церкви, её вкладе в Победу, а также о сборе одежды, денежных средств и продовольствия для помощи Красной Армии основаны на архивных документах. В результате исследования установлено, что в годы войны между государством и церковью сложился временный компромисс, а политика в отношении религии была частично смягчена. В результате встречи со старшими архиереями был создан Совет по делам Русской православной церкви. В первые послевоенные годы открытие и деятельность церквей замедлились, а государственный контроль усилился. Советская власть, использовавшая религию в собственных интересах для преодоления трудностей военного времени, после окончания войны не разрешила возобновление деятельности большинства церквей в Казахстане.

Ключевые слова: Казахстан, атеизм, религиозная политика, Великая Отечественная война, Русская православная церковь, духовенство, религиозный патриотизм.

А. Оразбайқызы, Т. Жолдасұлы

The Religious Situation during the Great Patriotic War and the Early Postwar Years: A Case Study of the History of the Russian Orthodox Church in Kazakhstan

The article analyzes the situation of the Russian Orthodox Church in Kazakhstan during the Great Patriotic War, its role in political life and historical significance, as well as the restrictions on church activities and the renewed intensification of anti-religious policy in the early postwar years. Based on the reports of the Council for the Affairs of the Russian Orthodox Church and the representatives for religious affairs under the Council of Ministers of the Kazakh SSR, the study examines the relationship between the state and religion, the emerging problems, and their possible solutions. The aim of the research is to explore the history of the Russian Orthodox Church during the Great Patriotic War, its role in Joseph Stalin's foreign policy, and its contribution to the victory. The main objectives include analyzing the features of the state policy toward the Church during the war years, identifying its patriotic activity and place in society, and examining the processes of restricting church activity in the postwar period. Information on the Church's patriotic work, its contribution to the victory, and the collection of clothing, funds, and food for the Red Army is based on archival documents. The study reveals that during the war, a temporary compromise emerged between the state and the Orthodox Church, and religious policy was partially eased. Following a meeting with the archbishops, the Council for the Affairs of the Russian Orthodox Church was established. In the early

postwar years, the opening and functioning of churches was restricted, and state control intensified. The Soviet government, having used religion for its own purposes during the war, did not permit most churches in Kazakhstan to resume their activities afterward.

Keywords: Kazakhstan, atheism, religious politics, The Great Patriotic War, The Russian Orthodox Church, clergy, religious patriotism.

References

- 1 Vasileva, O.Yu., Kudriavtsev, I.I., & Lykova, L.A. (2009). *Russkaia pravoslavnaia tserkov v gody Velikoi Otechestvennoi voyny. 1941–1945 gg.* [The Russian Orthodox Church during the Great Patriotic War. 1941–1945]. Moscow: Krutitskogo podvor'ia [in Russian].
- 2 Miliakova, L.B., & Ziuzina, I.A. (2016). *Otdelenie Tserkvi ot gosudarstva i shkoly ot Tserkvi v Sovetskoï Rossii. Oktiabr 1917–1918 gg.: Sbornik dokumentov* [Separation of the Church from the State and the School from the Church in Soviet Russia. October 1917–1918: Collection of documents]. Moscow: Pravoslavnyi Sviato-Tikhonovskii gumanitarnyi universitet [in Russian].
- 3 *Astana qalasynyn memlekettik muragaty* [State archive of Astana city]. — F. 32. — Op. 1. — D. 116. — L. 417 [in Kazakh].
- 4 Shkarovskii, M.V. (2009). *Stalinskaia religioznaia politika i Russkaia pravoslavnaia Tserkov v 1943–1953 godakh* [Stalin's Religious Policy and the Russian Orthodox Church in 1943–1953]. *Acta Slavica Iaponica — Japanese Slavic Journal*, 27, 1–27 [in Russian].
- 5 Shkarovskii, M.V. (1999). *Russkaia pravoslavnaia tserkov pri Staline i Khrushcheve (Gosudarstvenno-tserkovnye otnosheniia v SSSR v 1939–1964 godakh)* [The Russian Orthodox Church under Stalin and Khrushchev (State-Church relations in the USSR in 1939–1964)]. Moscow: Graal [in Russian].
- 6 Odintsov, M.I. (2014). *Russkaia pravoslavnaia tserkov nakanune i v epokhu Stalinskogo sotsializma. 1917–1953 gg.* [The Russian Orthodox Church on the eve and in the era of Stalinist socialism. 1917–1953]. Moscow: Politicheskaiia entsiklopediia [in Russian].
- 7 Berezin, M. (2022). K voprosu ob otkrytii tserkvei na territorii Severo-Kazakhstanskoi oblasti v period s 1943 po 1950 god [On the issue of the opening of churches in the North Kazakhstan region in the period from 1943 to 1950]. *Bogoslovskii sbornik — Theological collection*, 15, 73–80 [in Russian].
- 8 *Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arkhivi* [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1709. — Op. 1. — D. 18. — P. 3, 62, 108 [in Kazakh].
- 9 Pospelovskii, D.V. (1995). *Russkaia pravoslavnaia tserkov v XX veke* [The Russian Orthodox Church in the twentieth century]. Moscow: Respublika [in Russian].
- 10 *Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arkhivi* [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1709. — Op. 1. — D. 16. — P. 3 [in Kazakh].
- 11 *Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arkhivi* [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1709. — Op. 1. — D. 38. — P. 31 [in Kazakh].
- 12 *Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arkhivi* [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1709. — Op. 1. — D. 25. — L. 2, 3 [in Kazakh].
- 13 *Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arkhivi* [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1709. — Op. 1. — D. 26. — L. 20, 23 [in Kazakh].
- 14 Mukhtarova, G.D. (2006). *Islam v sovetskom Kazakhstane* [Islam in Soviet Kazakhstan]. Aktobe [in Russian].
- 15 *Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arkhivi* [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1709. — Op. 1. — D. 3. — L. 8, 9, 19, 68 [in Kazakh].
- 16 Kosichenko, A.G. (2019). *Istoricheskii ocherk deiatelnosti RPTs v Kazakhstane v gody Sovetskoï vlasti (po materialam Tsentralnogo Gosudarstvennogo Arkhiva Respubliki Kazakhstan)* [A historical sketch of the activities of the Russian Orthodox Church in Kazakhstan during the years of Soviet power (based on the materials of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan)]. In *Orthodoxy and Society: The Facets of interaction: III Mezhdunarodnaia nauchno-prakticheskaiia konferentsiia v ramkakh IX Zabaikalskikh Rozhdestvenskikh obrazovatelnykh chtenii — III Scientific and Practical International Conference within the framework of the 9th Trans-Baikal Christmas Educational Readings* (pp. 71–74). Chita [in Russian].
- 17 *Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arkhivi* [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1709. — Op. 1. — D. 5. — L. 7 [in Kazakh].
- 18 *Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arkhivi* [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1709. — Op. 1. — D. 54. — L. 19 [in Kazakh].
- 19 Khakimova, R.R. (2013). *Russkaia Pravoslavnaia Tserkov v gody Velikoi Otechestvennoi voiny* [The Russian Orthodox Church during the Great Patriotic War]. *Konkurs molodykh istorikov «Nasledie predkov — molodym» — Competition of young historians “Heritage of the ancestors for the young”*. Retrieved from <https://ist-konkurs.ru/raboty/2013/853-2014-02-13-07-56-21> [in Russian].
- 20 Harvaliková, V. (2015). *Role the Russian Orthodox Church during the 2nd World War. Bachelor thesis*. Prague [in Russian].
- 21 *Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arkhivi* [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1709. — Op. 1. — D. 1. — L. 22 [in Kazakh].

22 Timofeeva, L.V. (2004). Russkaia pravoslavnaia tserkov v Kazakhstane v gody Velikoi Otechestvennoi voyny [The Russian Orthodox Church in Kazakhstan during the Great Patriotic War]. *Vestnik Kazakhskogo Nacionalnogo Universiteta. Seriya istoricheskaya — Bulletin of the Kazakh National University. Historical series*, 4 (35), 94–97 [in Russian].

23 Nikolskaia, T.K., Shkarovskii, M.V. et al. (1997). *Istoriia Russkoi pravoslavnoi tserkvi. Ot vosstanovleniia Patriarshstva do nashikh dnei (1917–1970)* [The history of the Russian Orthodox Church. From the restoration of the Patriarchate to the present day (1917–1970)]. M.B. Danilushkin (Ed.). (Vol. 1). Saint-Petersburg: Voskresenie [in Russian].

24 Saktaganova, Z.G. (2017). Sovetskaia model gosudarstvennoi religioznoi politiki v Kazakhstane i religioznaia povsednevnost kazakhstantsev vo vtoroi polovine XX v. [The Soviet model of state religious policy in Kazakhstan and the religious daily life of Kazakhstanis in the second half of the twentieth century]. *Vlast i obshchestvo — Government and society*, 60–76. [cyberleninka.ru](https://cyberleninka.ru/article/n/sovetskaya-model-gosudarstvennoy-religioznoy-politiki-v-kazahstane-i-religioznaya-povsednevnost-kazahstantsev-vo-vtoroy-pолоvine-hh-v/viewer). Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/sovetskaya-model-gosudarstvennoy-religioznoy-politiki-v-kazahstane-i-religioznaya-povsednevnost-kazahstantsev-vo-vtoroy-pолоvine-hh-v/viewer>. pdf [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Оразбайқызы Айгерім — PhD докторант, Сельчук университеті, Конья, Түркия, <https://orcid.org/0009-0003-7486-0804>

Жолдасұлы Талғат — PhD, тарих және археология кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>

Information about authors

Aigerim Orazbaikyzy — PhD student, Selchuk University, Konya, Türkiye, <https://orcid.org/0009-0003-7486-0804>

Talgat Zholdassuly — PhD, Acting Associate Professor of the Department of History and Archeology, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>